



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Қоғам философиясы





Утопистердің соғысқа қатысты көзқарасын білдіре отырып, Томас Мор: «олардың соғысқанда кездейтін мақсаты – егер де оған ертерек қол жеткізгенде, соғыс жариялаудың алдын алуға болатындығын қамтамасыз ету» деп тұжырымдайды. Мұндай максима жеңілісті сөзсіз мойындауды талап етуді және миссияның баяу жылжуының тағы басқа да формаларын қысқартып тастар еді. Бірақ өзі саясаткер ретінде Генрих III-нің бірнеше соғысына қатысқан Мор әділетті және әділетсіз соғыстардың айырмашылығын көрсететін жүйелі этикалық принциптерді құрастырған жоқ. Мұны кейінірек иезуит теологы Франсиско Суарес жасады.

Акуинолық Томаста кездесетін идеяларды құрастыра отырып, Суарес әділетті соғыстың классикалық теориясын мына түрде қорытындылайды:

Соғыс лайықты деңгейде жүру үшін бірнеше шарттарды орындау керек, оларды үш тарауға бөлуге болады. Біріншіден, оны заңды билік жариялауы тиіс; екіншіден оның себебі мен атауы болуы керек; үшіншіден, оны жоспарлағанда, жүргізгенде және жеңіске жеткенде дұрыс құралдар мен шаралар сақталуы қажет.

Заңды билік шарты Суарес үшін соғысты тек суверен үкіметтер ғана жүргізе алады дегенді білдіреді. Мемлекет шеңберіндегі тұлғалар мен топтарда өздерінің қайшылықтарын қару-жарақтың күшімен шешу құқы жоқ. Бірақ ұлттың үстінен қарайтын беделді тұлға ретінде Папа христиан суверендерінің арасындағы жанжалдарды шешуге араласу құқына ие.

Суарес әділетті соғыстың екі түрін атап көрсетеді. Елге шабуыл жасалған кезде, ол қарудың көмегімен қорғануға құқылы. Сонымен қатар, оның өзі де агрессивті соғыс жүргізе алады: бұл өзіне және өзінің одақтастарына қатысты алғанда маңызды әділетсіздікті түзетудің жалғыз тәсілі болған кезде, суверен басқа мемлекетке шабуыл жасауды бұйыра алады. Алайда жеңіске жетуге жақсы алғышарттар болған кезде ғана шайқасты бастауға болады; басқа жағдайда, қару қолдану соғыстың алғашқы себебі болған әділетсіздікті түзете алмайды.

Үшінші шарттың үш элементі бар. Соғысты бастамас бұрын билеуші жауына әділетсіздікті жою мүмкіндігін беруі тиіс. Ол оны жоймағанда ғана оған шабуылды бастауға болады. Соғыс барысында жеңіске жеткізетін тәсілдерді ғана қолдану қажет. Соғыс аяқталған соң өтемақы және әділ жаза тағайындалып, соғыс кезінде заңнан тайғандар өлім жазасына кесілуі мүмкін.

«Осы элементтердің екіншісі, – дейді Суарес, – жазықсыз адамдарға әдейі шабуыл жасауды болдырмайды». Бірақ кінәлі кім? Суарес берген анықтама оның ізбасарларының анықтамаларынан тарлау. Балалар, әйелдер және қолына қару ұстай алмайтындар табиғи заңдарға сәйкес кінәсіз деп жарияланады, ал жағымды заң елшілер мен діни қызметкерлерді айыптауға тыйым салады. Бірақ басқалардың бәрін заңды мақсаттар деп санайды. «Басқа тұлғалардың бәрі – кінәлілердің қатарына жатады, себебі адамшылық тұрғысынан қарастырғанда, қолына қару алғандардың бәрі оны іс жүзінде қолданған болып саналады». Сонымен қатар, Суарес соғыста кейбір кінәсіз адамдардың да өліп кетуі мүмкін екенін мойындайды, бұл – шапқыншылық кезіндегі қосымша шығынның бөлігі болып саналады. Кінәсіз адамдарға әдейі шабуыл жасауға тиым салынған.

Суарес бұл ережелер ең алдымен билеушілер үшін міндетті деп есептейді: олар осы соғыс – жанжалды шешу ықтималдықтарының арасындағы жалғыз ғана мүмкіндік екеніне көздері жетуі тиіс. Бұйрық берілген қарапайым әскер соғыстың әділетсіздігі айқын көрініп тұрған жағдайда болмаса, оны әділетті деп ойлауы мүмкін; тіпті жалдамалы әскердің өзі де бригада командиріне сұрақ қоя алады.

Суарестің соғыс моралі туралы ілімі кезінде қолдау таппады, ол голланд заңгері және білгірі, 1625 жылы әйгілі «Соғыс пен бейбітшіліктің әділеттілігі мен әділетсіздігі туралы» трактатын жариялаған Гуго Гроцийдің ілімінде кеңірек танымалдыққа ие болды. Ол әділетті соғыс доктринасын мораль теориясының аясында құрастырды, бұл оны құдайы заң ұғымынан бөліп қарастыру үшін жасалған әдейі қадам еді. Бұл Гроций құдайға сенбеді дегенді білдірмейді, бірақ діни соғыстар тәжірибесі мен христиан дүниесін біріктіруге тырысқан істерінің нәтижесіздігі оны діни сенімдердің берік дүниежүзілік құрылым қалыптастыруға негіз бола алмайтыны туралы қорытындыға әкелді.



Гоббс хаос пен суверенитет туралы

Гоббс адамзаттың табиғи күйін түнеріңкі түрде сипаттайды. Адамдар тән күштері мен ақыл күштері жағынан бір-бірімен шамамен алғанда тең түседі. Мүмкіндіктердің осы теңдігінен олардың мақсаттарға жету теңдігі туындайды. Сондықтан да кез келген екі адам бір нәрсені қаласа және де рақатқа жете алмаса, олар жауларға айналады. «Рақат іздей ме, әлде өзін-өзі сақтап қалуға ұмтыла ма – оған қарамастан, адамдар бір-бірімен бәсекеге түседі. Әрбір адам өзінің бәсекелесіне сенбейді және шабуылдан қорқады, сондықтан оны жеңуге ұмтылады. Әрбір адам өзінің жолдастарынан мақтан күтеді және олардың немқұрайлылығына ашуланады, яғни біз адамның табиғатынан ұрыстың үш негізгі себебін табамыз. Біріншіден, бәсекелестік; екіншіден, сенімсіздік; үшіншіден, даңққа құмарлық».

Адамдарды қорқытып ұстап отыратын жалпы күш болмаса және ол тағайындалмағанша, жанжал мен мүлік, билік пен даңқ үшін бітпейтін бәсеке үнемі жүріп отырады. Оны соғыс жағдайы деп сипаттауға болады: бір адамның басқа бір адамға қарсы соғысы. Мұндай жағдайда, – дейді Гоббс, – өнеркәсіптің те, ауылшаруашылығының да, сауданың да болуы мүмкін емес: яғни «жер туралы білім жоқ; уақыт есепсіз; өнер жоқ; әдебиет жоқ; және ең жаманы, қорқыныш пен зорлық өлім қаупі үнемі төніп тұрады; ал адамның өмірі – жалғыздық, қайыршылық, жеккөріністілікке толы, қатыгез де қысқа».

Кейбір оқырман мұндай сипаттама тым көңілсіз деп ойлап қалуы мүмкін; әрине, осындай жалпы соғыс кезеңі ешқашан болған емес. Мүмкін, бүкіл әлемде солай емес шығар, деп мойындайды Гоббс, бірақ біз оның мысалдарын қазіргі заманғы Америкадан көре аламыз; тіпті өркениетті елдердің өздерінде де адамдар өздерінің жолдастарына қатысты алғанда да қауіпсіздік шараларын ұстанады. Оқырман: «саяхат жасағанда, ол қаруын бірге ала жүреді және қасында біреудің болғанын қалайды; ұйқыға кетерде ол есігін құлыптайды; тіпті өзінің үйінде де сандығын жауып қояды; осының бәрін заңдар мен мемлекеттік қызметкерлердің бар екенін біле тұра жасайды».

Гоббс алғашқы қауымдық соғыс күйін сипаттай отырып, табиғи күйдегі адамдарды азығандар деп есептейтінін табанды түрде ескертеді. Заң жоқ жерде күнә да жоқ, билеуші жоқ жерде, заң да жоқ. Табиғи күйде ізгілік пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік ұғымдарына орын жоқ. «Жалпы билік жоқта заң жоқ, заң жоқ жерде әділеттілік жоқ. Күш пен алаяқтық екі негізгі ізгілікпен шайқасады». «Дәл осылайша, меншік пен мүлік жоқ», тек қана әрбір адамда болуы тиіс және ол ие бола алатын, мүмкіндігінше ұзақ сақтай алатын нәрселер ғана бар».

Философтар табиғи заң және табиғи құқық туралы айтуды әдетке айналдырған. Гоббс заңдар мен құқықтардың арасын айырып қарастырған маңызды деп қайталап айтады. Құқық – бірдеңе жасауға тыйым салу еркіндігі. Заң – бірдеңеге тыйым салу туралы бұйрық. Қатаң түрде айтсақ, табиғи күйде заңдар да, құқықтар да жоқ. Бірақ «табиғат заңдары» бар: мысалы, рационал қанағатсыздық принциптері; тірі қалу мүмкіндіктерін күшейту ережелері. Сондықтан да, әрбір адамның өз игілігін қалауы сияқты табиғи қажеттілік болғандықтан, әрбір адам өз өмірі мен аяқ-қолын бар күшін сала отырып, сақтайтындығы секілді табиғи құқық бар. Оның осыған ие болу құқы болғандықтан, адамда бұған қажетті барлық құралдарды иелену құқы бар, ол басқалардың тәніне ие болу құқығын да қамтиды.

Адамзат осы құқықты сақтап отырғанша, ешбір адам өзінің табиғи өмірімен тіршілік ете алмайды. Сондықтан рационал эгоизм адамды осы құқық берген шексіз еркіндіктің бөлігін оны басқа адамдардың дәл осындай көлемде бас тартуына алмастыруға итермелейді. Сонымен, табиғаттың мынадай заңы бар: Адам өзінің барлық заттарға құқынан бейбіт өмір сүру мен өзін-өзі қорғауға қажетті шамада бас тартуға келісуі тиіс және басқалардың тарапынан өзіне көрсетілетін еркіндікпен тең түсетін еркіндікті қанағат тұтуы қажет.

Осы және басқа табиғи заңдар адамдарды өздерінің қарапайым өзін-өзі қорғау құқынан басқа барлық құқықтарын табиғи заңдардың орындалуын жазалау санкциялары арқылы қамтамасыз ететін орталық билікке беруге итермелейді.

Басқа табиғи заңдардың, соның ішінде Гоббс барлығы он тоғыз заңды атайды, арасындағы ең маңыздысы – үшіншісі, «адамдар өздерінің ковенанттарын орындайды» деген заң. Гоббс үшін ковенант – келісімшарттың ерекше түрі. Ковенант – өз құқықтарыңды екі жаққа да пайдалы түрде басқа тұлғаға беру. Оның тез сатып алу мен сатудан айырмашылығы – бұл



сенім элементі бар келісімшарт. Ең аз дегенде, келісімшарттың бір тарабы басқа тараптың ковенанттағы оған тиесілі бөлігін орындауын кейінге қалдырады. Үшінші заң болмаса, Гоббс: «мәмілелер зая және сөздер бос; адамдардың бәрінің барлық нәрселерге құқы бар, яғни біз бір-бірімізге соғыс күйімізде қала береміз». Бұл заң – әділеттілік және әділетсіздік ұғымдарының негізінде жатыр, себебі әділетсіздік – дәл осы ковенантты орындамау; әділетсіз еместің бәрі – әділетті.

Алайда кез келген тараптың, табиғи күйдегідей, келісімшартты орындамау қаупі болғанда ковенант жасалмайды. Сондықтан әділеттілер мен әділетсіздердің есімдері аталмас бұрын, адамдарды бірдей деңгейде өз ковенанттарын орындауға мәжбүрлейтін қандай да бір күш, олар ковенантты бұзудан күтетіннен әлдеқайда зор құбыжық жазалау болуы тиіс. Мемлекет пайда болғанша мұндай күш жоқ: «Қылышсыз ковенант – бос сөз ғана және адамды жалпы қорғайтын ешқандай күшке ие емес».

Адамдар үшін жалпы билік құрудың жалғыз тәсілі – «өзінің бүкіл билігі мен күшін олардың барлық талап-тілектерін көпшілік дауыспен бір ерікке жинақтай алатын бір адамға немесе адамдардың бір ассамблеясына беру». Әрбір адам басқа бір адамға: «мен сені, осы адамды немесе осы ассамблеяны билеу құқымнан бас тартамын, бірақ сен де оларға билік ету құқыңнан бас тартуың және олардың бүкіл іс-әрекетін осылайша бекітіп отыруың қажет» деуі тиіс. «Сонда орталық билік барлық көпшіліктің мүддесін жеткізеді және біртұтас тұлғаға біріккен көпшілік мемлекет деп аталады». Мемлекет мүшелері құрған ковенант суверенді тағайындап, ол ковенанттың барлық мүшелерін өзінің құзырындағы азаматтарға айналдырады.

Гоббс өзінің роялист екенін жасырмаса да, ол өзінің саяси теориясында суверен жеке адам болуы керек пе, әлде ассамблея болуы тиіс пе деген сұрақты әдейі ашық күйде қалдырды. Егер де ол бұлай жасамағанда, парламент басқарған Англияға 1652 жылы монархия жүйелі түрде қайта оралуы неғайбыл еді. Бірақ та суверендік билік монархия ма, аристократия ма, әлде демократия ма, оған қарамастан Левиафан оның билігі абсолютті болуы тиіс деп табанды түрде тұжырымдайды. Суверен өзінің билігін жоғалта алмайды және бір де бір субъект өзінің билеушісінен әділетсіз деп айыптай алмайды. Суверен көпшіліктік тұлға болғандықтан, әрбір субъект сувереннің барлық іс-әрекеттерінің авторы болып саналады, сондықтан мұндай әрекеттерге қатысты шағым айта алмайды.

Суверен заң мен мүлік құқығының бастауы болып саналады. Ол мемлекетті қорғау үшін қандай құралдар қажет екенін анықтау құқына ие және басқа елдермен бейбіт өмір сүруді немесе соғысуды ол белгілейді. Ол бүкіл сот үдерістерінің төрешісі және мемлекет аясында қандай пікірлер мен докториналар болатынын да шешеді. Барлық министрлер мен соттарды тағайындау, мадақтау және жазалау құқы да тек қана оның құзырында. Егер де билеуші монарх болса, ол тақты мұра етіп қалдыру құқына ие.

Ақыр соңында, суверен дін мәселері бойынша ең жоғарғы тұлға болып саналады.

Гоббстың сувереніндегі субъектінің еркіндігі не? Еркіндік дегеніміз – заңның үнсіздігі: субъект заңмен реттелмеген нәрсенің бәрін жасауға құқылы, яғни адамда сатып алу, сату, өмір сүретін жерін, тамақтану тәртібін және мамандығын таңдау құқы бар; ата-аналар балаларын өздері қалағандай етіп оқыту құқына ие. Бірақ субъект қашан болмасын билеушінің әмірін орындамау еркіне ие бола ала ма? Гоббс «ешқашанда!» деп жауап береді деп күтуге болады, осылай жасау – өзінің айтқанын орындамау болып шығар еді. Алайда ол іс жүзінде азаматтық бағынбаушылықтың жеткілікті мүмкіндіктерін береді.

Егер де билеуші адамға (ол әділ айыпталған болса да) басқаны өлтір, жарақатта немесе өзіңді-өзің мүгедек ет немесе өзіне шабуыл жасаған адамға қарсылық көрсетпе; тамақ ішуден, дәрі қабылдаудан немесе оларсыз өмір сүре алмайтын тағы басқа нәрселерден тартын деп бұйрық берсе, бұл адамда оның айтқанын орындамау еркіндігі бар.

Субъектіні өзін-өзі айыптауға мәжбүрлеуге болмайды және ол, әділін айтсақ, сувереннің бұйрығы бойынша әскер ретінде шайқасуға міндетті емес. Табиғатынан қорқақтарға, бұған әйелдер ғана емес, «әйел еркек» ер адамдар да жатады, рұқсат берілуі тиіс. Шайқастан қорқып құтылып кетуге болады, алайда бұл әділетсіз. Әскери қызмет міндетті болып саналатын жалғыз жағдай – мемлекетті қорғау қолына қару ұстайтындардың бәрін әскер қатарына шақырылуын қажет еткенде пайда болады. Ақырында, «қол астындағылардың міндеті ұзаққа созылады, бірақ оларды қорғауға қабілетті биліктен ұзақ болмайды». Осыған сәйкес, егер де



билеуші өзінің басты қызметін – қол астындағыларды қорғау қызметін атқармаса, онда олар да өз міндеттерін орындамайды.

Левиафанда ұсынылған мемлекет теориясы – ерекше және мықты интеллектуалды жүйе, оның құрылымы Гоббстан бастап, қазіргі күнге дейінгі саяси философтардың еңбектерінде өңделді. Абсолют суверенге басты назар аударылуына қарамастан, жүйені тоталитарлық деуге болмайды, себебі оның ішінде азаматтар мемлекетке емес, мемлекет азаматтарға қызмет етеді.

Руссо және жалпы ерік

Руссо «адам дүниеге еркін болып келеді және барлық жерде кісендеулі» деуден бастағанда, өркениеттің күйретуші салдарлары туралы оның бұрынғы еңбектерін оқыған адамдар бұл кісендердің әлеуметтік институттардың кісендері, сондықтан ол бізді әлеуметтік құрылымды төңкеріп тастауға шақырып тұр деп ойлап қалады. Оның орнына ол бізге бұл – басқа құқықтарға негіз болатын қасиетті құқық. «Әлеуметтік институттар, – деп есептейді Руссо, – адамды құлдыққа салмайды, керісінше, азат етеді.

Гоббс пен Локк секілді, Руссо да адамдардың табиғи жағдайда тіршілік етуін қарастырудан бастайды. Оның осындай жағдай туралы жазылған, ізгілікті жабайы туралы алдыңғы ойларына сәйкес келетін әңгімесінің Гоббстың пікірлеріне қарағанда оптимистік мазмұны анағұрлым басымдау. Табиғи күйде адамдар бір-бірімен жауласпайды. Әрине, оларда өзіне деген махаббат бар, бірақ ол – эгоизм емес: ол адамдарда да, жануарларда да өзінің жолдастарына деген жанашырлықпен және аяушылықпен үйлесімді бола алады. «Табиғи күйде адамдарда қарапайым ғана, жануарлық тілек-қалау бар: дүниеде жалғыз ғана игілік бар, ол тамақ, әйел және ұйқы: ол қорқатын жалғыз ғана нәрсе – ауру мен аштық». Мұндай қалаулар бұдан күрделілеу қоғамдағы билікке ұмтылумен бәсекелесе алмайды.

Табиғи күйде меншік құқы жоқ, яғни әділеттік те, әділетсіздік те жоқ дей отырып, Руссо Локкқа қарсы шығады және Гоббспен келіседі. Алайда қоғамның алғашқы қауымдық түрінен бастап дамуы барысында осындай құқықтардың жетіспеушілігі сезіле бастайды. Экономикалық ынтымақтастық пен техникалық прогресс тұлғалар мен меншікті қорғайтын ассоциациялар құру қажеттігін туғызады. Ассоциацияның әрбір мүшесіне бұрынғыша еркін күйде қала беруіне рұқсат беріліп отырғанда мұны қалай жасауға болады? Қоғамдық келісімшарт бұл мәселені жалпы ерік концепциясын ұсына отырып шешуді қарастырады.

Жалпы ерік «біздің әрқайсымыз өзінің еркін және бүкіл билігін жалпы еріктің жоғары басқаруымен біртұтас етуге ұластырғанда және корпоративтік ұжымда біз әрбір мүшемізді тұтастың ажырамас бөлігі ретінде қабылдағанда» ғана пайда болады. Бұл келісімшартты көпшілікке танымал адам, моральдық және ұжымдық субъект, мемлекет немесе суверен халық құрастырады. Әрбір адам азамат, сонымен қатар, субъект: азамат ретінде ол суверен билікті бөліседі және субъект ретінде мемлекет заңдарына бағынуға міндетті.

Руссоның суверенінің Гоббс түсінігінен ерекшелігі – олар ара келісе отырып қалыптастыратын азаматтардан тәуелсіз өмір сүрмейді, яғни оның олардан тәуелсіз ешқандай мүддесі болуы мүмкін емес: ол жалпы ерікті білдіреді және қоғамдық игілікке жетудегі ұмтылысында қателесе алмайды. Өздерін еліктірген нәрсенің бәрін алғылары келіп, адамдар табиғи еркіндіктерін жоғалтады, бірақ меншікке тұрақты ие болуға жеткізетін азаматтық еркіндікке ие болады.

Бірақ жалпы ерік деген не және оны қалай тағайындау керек? Ол азаматтардың өз еріктерін бірауыздан білдіруі емес: Руссо «жалпы ерік» пен «бәрінің еркін» бөліп қарастырады. Индивидуумның еркі жалпы ерікке қарсы келуі мүмкін. «Бәрінің еркі мен жалпы еріктің арасында маңызды айырмашылық жиі кездеседі. Соңғысы жалпы мүдделерге ғана, ал соңғысы жеке, бірақ нақты қалаулардың жиынтығы болып саналатын мүдделерге қатысты». Олай болса, жалпы ерік азаматтардың басым бөлігінің еркімен бірдей болуы тиіс деуіміз керек пе екен? Халықтар ассамблеясындағы талқылауларда қателік ешқашан кездеспейді деуге болмайды: сайлаушылар надандықтан зиян шегуі немесе өздерінің жеке мүдделерінің жетегінде кетулері мүмкін.



Бұдан туындайтыны, тіпті жалпы ерік те референдум арқылы тағайындала алмайды және осы, шамасы, оны практикалық құндылығы жоқ абстракцияға айналдырып тұр. Алайда Руссо бұл екі жағдайда плебесцит арқылы анықтала алады деп есептеді: біріншіден, әрбір сайлаушы толығымен хабардар болуы тиіс, екіншіден, екі сайлаушы бір-бірімен байланысты болмауы керек. Екінші шарт көлемі бүкіл қоғамдастықтан аз топтар қалыптастыруға жол бермеу үшін ұсынылған. Руссо: «Мемлекетте жекелеген қоғам болмауы және әрбір азамат өз мүдделері туралы ойламауы үшін жалпы еріктің өзін-өзі білдіре алуы өте маңызды» деп жазды. Осылайша, жалпы ерік референдумде көрініс табатын болса, саяси партияларға ғана емес, діни топтарға да тыйым салынуы тиіс. Жекелеген тұлғалардың мүдделері арасындағы қайшылықтар бүкіл қоғамдастық контекстінде ғана жойылып, суверен халықтың эгоистік мүдделеріне әкеледі.

Руссо билікті бөлуді жақтай қоймайды. Халықтың суверенитеті, – дейді ол, – бөлінбейді: биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының өкілеттігін бөлсек, суверенитет әлсірей бастайды. Алайда жауапкершілікті іс жүзінде бөлу оның суверен халық айтарлықтай жалпы сұрақтар бойынша ғана заң қабылдап, нақты сұрақтар бойынша атқарушы билікті субъект пен сувереннің арасындағы делдал болып саналатын үкіметтің қолына беруі тиіс деген талабынан туындайды. Бірақ үкімет әрқашан халықтың өкілі ретінде әрекет етуі тиіс және халық ассамблеясы Конституцияны бекітіп, мемлекеттік лауазымды тұлғалардың өкілеттілігін ұзарту немесе тоқтату үшін белгілі бір уақыт аралығында жүйелі түрде жиналып отыруға міндетті.

Келісімшарттың Руссо ұсынған түрі Швейцария аймағында немесе Женева сияқты қала-мемлекетте ғана пайдалы деп ойлаймыз. Алайда ол, Монтескье сияқты, барлық жағдайларға сай келетін биліктің жалғыз формасын ұсынуға болмайды деп тұжырымдады. Бірақ жалпы ерік теориясы кеңірек қолдану мәселесін көтереді. Руссоның мемлекетіндегі азамат барлық заңдарға, соның ішінде, ол келіспесе де, қабылданған заңдарға да келісімін береді. Мұндай мемлекеттегі диссидент азшылықтың құқықтары қандай?

Руссо қоғамдық келісімшарт мынадай жауапкершілікті үнсіз қамтиды дейді: оған бағынғысы келмеген адамда көндіру үшін, басқа азаматтар қысым көрсетуі мүмкін. «Бұл ол еркін болуға мәжбүр болады дегенді білдіреді». Егер де мен кейін жеңіп шығатын шараға қарсы дауыс беретін болсам, бұл менің ақиқат игілігім мен нағыз еркіндігімнің не екені туралы қателескенімді көрсетеді. Бірақ түрмеде отырған қылмыскер пайдаланатын еркіндік – жалпы еріктің онша жақсы көрінісі болып саналмайтын, сирек кездесетін еркіндік қана.

Жалпы ерік туралы сауалды көтергеніне қарамастан, Руссо іс жүзінде демократияны жақтаушы болмады. «Құдайлардан құрылған халық болса, олар өздерін демократиялық жолмен басқарар еді. Бірақ демократияның мұндай жетілген түрі адамдарға жарамайды», – деп санады ол. Басқаруды халық ассамблеясы тікелей жүзеге асыратын демократияда үкімет, шамасы, кірпияз және тиімсіз болады. Одан гөрі, көпшілікті даналар басқаратын сайламалы аристократияны таңдаған дұрысырақ. «Таңдаулы жүз адам өте жақсы істеп тастайтын нәрсені жасауға жиырма мың адамды мәжбүрлеудің қажеті шамалы», – деп ойлады Руссо. Аристократия азаматтық қоғамда ізгіліктерді демократияға қарағанда аздау қажет етеді, ол талап ететін нәрсе – байлардағы бірқалыптылық және кедейлердегі қанағаттанушылық. Әрине, байлар билік басында отырғанды қалайды: олардың бос уақыты көп.

Бұл адамзатты өзінің кісендерінен құтылуға шақырудан басталған кітаптың ішпыстырарлық және буржуазиялық аяқталуы сияқты болып көрінеді. Десек те, жалпы еркі концепциясы революциялық потенциалға ие болды.

Жалпы ерік нені ұсынатынын анықтаудың дәл осы қиындығы жалпы ерік ұғымын демагогтардың мықты құралына айналдырды. Робеспьер француз революциялық терроры қызған кезде өзін жалпы ерікті білдірді және азаматтарды еркін болуға мәжбүрледі деп айта алатын. Оған қарсы шығуға кімнің шамасы келетін еді? Жалпы еріктің білдіру үшін Руссо тағайындаған шарттар мынадай еді: әрбір азамат толық хабардар болуы тиіс және екі азаматтың ешқайсысына да бірігуге рұқсат берілмеуі қажет. Бірінші шартты Құдайдан тыс қоғамдастықтар ешқашан орындамайды, ал екінші шарттың табиғаты толық тиранияны талап етеді.

Жаман ба, жақсы ма, Қоғамдық келісім революционерлердің және тек Францияда ғана емес, нағыз Киелі Кітабына айналды; Руссоның ықпалы орасан зор болды.